

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ  
«ТАҢБАЛЫ» ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ

---

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ:  
ЗЕРТТЕУ, ТҮСІНДІРУ ЖӘНЕ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты  
«X Оразбаев оқулары» халықаралық  
ғылыми-әдістемелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
11-12 мамыр 2018 жыл

PROCEEDINGS  
of International Scientific and Methodical Conference  
"X Orazbayev Readings"  
"HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE OF KAZAKHSTAN:  
PROBLEMS OF STUDY, INTERPRETATION AND CONSERVATION"  
11-12 May, 2018

МАТЕРИАЛЫ  
международной научно-методической конференции  
«X Оразбаевские чтения»  
«ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСТАНА:  
ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ, ИНТЕРПРЕТАЦИИ И СОХРАНЕНИЯ»  
11-12 мая 2018 г.

Алматы  
«Қазак университеті»  
2018

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

<b>Толеубаев А.Т., Жуматаев Р.С., Шакенов С.Т.</b> Шілікті қорымындағы №16 обада жүргізілген қазба жұмыстары	3
<b>Әлімбай Н.</b> Көшпелі қазақ қоғамындағы билік жүргізу (бидің билігі) үрдісі: негізгі ұйымдық түрлері (институттары), ұйымдастырылуы және жүзеге асу жосыны	14
<b>Зайберт В.Ф.</b> Основные концептуальные положения изучения древней истории Казахстана	33
<b>Калыш А.Б.</b> Белорусы Казахстана в 1920-1950-е годы	41
<b>Омаров Ғ.Қ., Бесетаев Б.Б., Сагындыкова С.Т.</b> Үржар өңірінің жартас бетіндегі суреттері	45

### АРХЕОЛОГИЯДАҒЫ МӘДЕНИЕТТЕР САБАҚТАСТЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ / ПРОБЛЕМА ПРЕЕМСТВЕННОСТИ КУЛЬТУР В АРХЕОЛОГИИ

<b>Варфоломеев В.В., Оразбаев Н.К.</b> Могильник Камал	54
<b>Варфоломеев В.В., Монжосова А.Е.</b> Древнейшие металлические удила Казахстана	56
<b>Варфоломеев В.В., Шаламбаева С.М.</b> Кентский археологический микрорайон	57
<b>Жауымбаев С.У., Евдокимов В.В., Кукушкин А.И., Дмитриев Е.А.</b> Металлургическая мастерская комплекса Алат эпохи поздней бронзы	59
<b>Дмитриев Е.А., Ломан В.Г., Кукушкин А.И., Елибаев Т.А., Макен А.Б.</b> Ограда Бесентак – новый памятник поздней бронзы Сарыарки	62
<b>Горячев А.А.</b> К вопросу о реконструкции жилища поздней бронзы поселения Кызылбулак-IV	66
<b>Мургабаев С.С., Бахтыбаев М.М., Малдыбекова Л.Ж.</b> Жасажырық I қорымында жүргізілген зерттеулер	73
<b>Мусаева Р.С.</b> Природно-географические условия развития срубной культуры Западного Казахстана	80
<b>Сагындыкова С.Т.</b> Солтүстік және Орталық Қазақстанның арбалы кешендері	83
<b>Мұсырманқұл П.Б.</b> Шығыс Қазақстанның қола дәуірінің өзекті мәселелері	87
<b>Чекин А., Тулегенов Т., Иванов С., Бесетаев Б.</b> «Третий клад» эпохи раннего железного века из г. Иссык (предварительная публикация)	90
<b>Подушкин А.Н., Донец А.Г.</b> О первоначальном исследовании археологических объектов в урочище Мынтобе	99
<b>Рахимов Е.К., Катеев А.М.</b> Ювелирное искусство кангюев и усуней	104
<b>Салгараев М.Т.</b> Язык и письмо скифов	108
<b>Садуакасулы А., Железняков Б.А.</b> Каменная плитка-жертвенник из Бургана	111
<b>Серік Г.С., Килимов Т.М., Амелин В.А.</b> Уникальная рукоять плети (нагайки) с изображениями хищников из одного погребения могильника Шпаки II	119
<b>Хасан А.М., Байрова М.К.</b> Елек өзенінің алабында орналасқан ерте көшпенділердің жерлеу орындарынан табылған моншақтар	121
<b>Нұрболатұлы Е.</b> Жетісудағы ерте темір дәуірінің жерлеу орындары	124
<b>Касеналин А., Есенов С., Асылбеков Қ.</b> ҚР ұлттық музейінің Ақмола облысының тарихи-мәдени мұра нысандарында жүргізген зерттеулері	127
<b>Үмітқалиев Ұ.Ұ., Искаков Қ.А.</b> Көне дәуірлердегі адам мүрдесіне хирургиялық ота жасағанда қолданылған аспаптар	130
<b>Сихымбаева К.Б.</b> Қазақтардың одонтоглификалық ерекшеліктері	133
<b>Айтқұл Х.А., Мьякишева О.А., Торезанова Н.Ж., Рахметова А., Айдарханова Е.Е.</b> Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің 2017 ж. Ақтерек қорымында жүргізілген далалық қазба жұмыстарының нәтижелері	137
<b>Айтқұл Х.А.</b> Қазақстан географиясының сакралды нысаны ретіндегі Ақтерек шатқалының археологиялық ескерткіштері	142
<b>Блялова А.С.</b> Из истории изучения археологических памятников на территории Акмолинской области	147
<b>Аязбекова С.Ш.</b> Петроглифы Казахстана как репрезентанты национального культурного кода	150

## ҮРЖАР ӨҢІРІНІҢ ЖАРТАС БЕТІНДЕГІ СУРЕТТЕРІ

Бүгінгі күні Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы жеріндегі петроглиф кешендері жергілікті өлкетанушылардың газет бетіндегі жалпы хабарларламалары түрінде жарияланғаны болмаса, нақты ғылыми тұрғыдан түсіндірмесі жасала қойған жоқ. Оның үстіне аталмыш өлкедегі петроглиф кешендері әлі күнге дейін толық анықтала қоймады. Оның да өзіндік себептері бар, бұл ең алдымен өлкеде археологиялық зерттеулердің жүргізілмеуі. 2015 жылдан бастап біздің тарапымыздан «Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының археологиялық ескерткіштері» атты ғылыми жобаның аясында зерттеулер жасалуда.

Осы өңірде біздің ізденістеріміздің нәтижесінде бірнеше петроглиф кешендері есепке алынды. Ендігі жердегі біздің мақсатымыз сол кешендердегі негізгі образдар мен желілердің түсініктемесін жасау. Суреттердің семантикалық талдауын жасау барысында біз археология ғылымында жылдар бойғы тәжірибе барысында қалыптасқан әдістерді басшылыққа аламыз. Кейбір сарындар мен желілердің және образдардың мағынасын ашу барысында іргелес өңірлердегі замандас кешендердің материалдары салыстырмалы түрде алынады.

Алдымен біздің ғылыми топтың тарапынан есепке алынған петроглиф кешендері мен олардағы негізгі бейнелерді сипаттасақ.

Ақберді петроглифтері. Аталмыш петроглифтер кешені Үржар ауылының солтүстік-шығысна қарай орналасқан. Суреттер арасында өзінің құрамы, стилистік ерекшеліктері, салыну техникасы мен әралуандылығы жағынан қызықты да құнды материалдарды кездестіруге болады.

Олардың ішінде бір жазық бетте толығымен тау ешкілердің кескіндері бейнеленген. Олардың басым бөлігі бастарымен солға қарай бағыттталып бейнеленген. Ешкі бейнері мүйіздері тұлғасынан бірнеше есе ұзын параллелді ирек сызықтармен көрсетілген.

Келесі бір тас қырының бетіне де бірнеше тауешкінің бейнелері салынған. Мұндағы кескіндерде олардың дене тұрқы ұзына бойы созылған қалыпта суреттелген (Сурет 1).

Тағы бір тегістіктің бетіне ортасында шыбықтары бар дөңгелек бейнесі салынған. Шыбықтардың саны жеті, олардың өзі бастауларын кіші тұйық дөңгелектен алады. Негізгі дөңгелектің қабырғалары осы жеті шыбықты қосу арқылы жасалынған. Осылайша үшбұрышталып келген шыбықтардың арасындағы кеңістіктің орта тұсына нүктелер салынған (Сурет 2).

Қара түсті үлкен қара тастың қырына жоғарыда сипатталған кескіндегі екі дөңгелек бедерленген. Олар бір-біріне жабыстырылып, орталарындағы сызықыша арқылы жалғанған. Бейнесі анық байқалатын сол жақтағы дөңгелекке қатар тұрған екі жылқы байланған образды беретін кескін бар. Жылқылардың тұрқы ұзынша созылған қалыпта бейнеленген. Мойындары ұзын. Желке тұстарындағы тік сызықшалар жалды бейнелеп тұрғандай. Төрт аяғы да тік түсірілген сызықшалар түрінде ғана берілген. Құйрықтары көлбей төменге қарай созылып жатыр (Сурет 3).

Жоғарыдағыдай тағы бір кішірек қара тастың қырына жалғыз салт атты кескіні бейнеленген. Жылқының образы аяндап бара жатқан қалыпта берілген. Аяқтары екі тік келген сызықша арқылы салынып, денесі ұзына созылған. Үстінде адам бір қолымен жылқының езуінен бастау алатын тізгінді ұстап отырса, екінші қолында белгісіз бір зат кескінделген (қару, қамшы ?) (Сурет 4).

Осы кешендегі келесі бір кішірек қара тастың бетіне бірнеше Сурет берілген. Оның бірі түсініксіз бейнені беретін сурет. Ол тастың оң жақ бетін толық алып жатыр. Тастың сол жақ бетінің жоғарғы жағына бағыты солға қарай бағытталған түйе суреті салынған. Түйе басын тік ұстаған. Денесі ұзынша келген. Екі өркешінің арасы бір-бірінен алыстау орналастырылған. Аяқтары тік, бірақ төмендеген сайын сәл ішке қарай көлбей берілген. Түйе бейнесінің төменгі жағында, сәл солға қарай тауешкінің образы сомдалған (Сурет 5).

Тағы тастың бетіне шытырманның (лабиринт) бейнесі кескінделген. Ортадан бастап шиырланған шытырман алты орамнан тұрады. Сыртқы шыға берісінде екі қатар сызықтан тұратын жол тәрізді жолақ кетеді (Сурет 6).

Келесі бір тастың бетінде қола дәуірінде жиі кездесетін тор көздерден құралған төрбұрыш бейнесі салынған (Сурет 7).

Жақсыкелді петроглифтері. Бұл петроглифтердің географиялық координаты: N47°33'947" E081°76'986".

Үржар ауылының шығысына қарай таудың биігінде орналасқан. Екі жазық бетте бірнеше тау текенің суреттері берілген. Ешкі оңға қаратып салынған, суреттің тотығу деңгейі орташа-ақшыл қоңыр түсті, қашалуы орта нүктелі-2-3 мм.

Келесі бір жазық бетте тау ешкілермен қатар екі адамның кескіні берілген. Адамдардың аяқтары талтайтылып, екі қолы шынтағынан бүгіліп денесімен параллель берілген (Сурет 8).

Үшбұлақ петроглифтері. Бұл петроглифтердің географиялық координаты: N47°24'438" E080°88'421". Бұл ескерткіш Таскескен ауылынан оңтүстік шығысқа қарай 7,5 км қашықтықта орналасқан. Түрлі суреттер Тәнеке атты бұлақтың оң жақ жағалауындағы жақпар қара тастардың күнгей бетінде бейнеленген. Суреттердің негізгі образдарын ашып көрсетсек. Барлық суреттер негізінен жалпақ тастың сол жақ жартысына сомдалған. Кескіндердің басым көпшілігін тауешкілердің бейнелері құрайды. Мәселен тегістік бетінде басын жоғары қаратып қырынан салынған тау ешкілердің қатары бар. Тау ешкілер екі қатар сап түзеп оңға қарай бағыт алған. Төменгі қатарда бес, жоғарғы қатарда үш бейне берілген. Төменгі қатарды бастап тұрған тауешкіге қарсы бағытта тағы бір тауешкінің кескіні берілген (Сурет 9). Сап түзеп тұрған тауешкілердің образдары шынайлыққа біршама жақын кейіпте, жоталары дөнес күйде берілсе, қарсы тұрған тауешкінің тұрқы сызықша түрінде бейнеленген. Тауешкілердің жоғары қатарына қарсы бағытта салт атты мен итке ұқсас бейне кескінделген. Тау ешкілерден сәл төмен қарсы бағытқа қарай бір-бірінен қашық екі түйенің образы орын алған. Олардың бастары оңға қарай бағытталған. Ал салт аттының жоғарғы жағында бастары сол жаққа бағытталған екі бұғының бейнесі берілген. Бұғылардың мүйіздері ағаш бұтақтары түрінде ерекше салынған. Сәл төмен және жоғарыдағы бұғыдан арқа қарай қалыс қалған бұғының кескіні кішірек. Жоғарыдағы бұғының образы біршама үлкен болып сомдалған. Сақтардың аң бейнелі өнеріндегі бұғылардың образымен өте ұқсас. Бұғы бейнелері битриугольді мәтінде орындалған. Ал ешкі бейнелері тік сызба ретінде орындалған. Бұл жердегі суреттер әр кезеңде орындалған сияқты және бұғы орындалуына қарап қола дәуірі деп мерзімдеуге болады. Сол жақта берілген түйе бейнесінен сәл төмен қарай бір-біріне қарама-қарсы тұрған екі адамның бейнесі қашалып салынған. Ұрысқа дайындалып тұрғандай оқиғаны баяндайтындай, олай дейтініміз сол жақтағы адамның қолында таяқ (қылыш, шокпар?) берілген. Адамдардың аяқтары талтайтылып бейнеленген. Олардың оң жағына қарай сызықша арқылы қосылған екі домалақты сомдайтын Сурет Б.ар. Сурет қырынан жатқызылған сегіз санын немесе белгілі бір таңбаны беріп тұрғандай.

Тағы бір тастың бетіне жеке тұрған бұғының бейнесі салынған. Мүйіздері тарамдалып келген бұғының аяқтары ұшып тұрған қалыпты беріп тұрғандай. Жалпы алғанда, жартас бетіндегі суреттер мен металдан жасалған түрлі заттарда бейнеленетін бұғының «ұшып бара жатқан» немесе «тұяқтың ұшында ілініп тұрған» қалыптары, кейбір зерттеушілердің пайымдауларына қарғанда алдында тұрған жануардың образын сомдайды деген мағынамен түсіндіреді. Солай дегенмен, мұндай образдар бейнелеудің өзіндік тұспалдары, бейненің мәнерлігін күшейту және барынша жарқын ету үшін қолданылған тәсілдер болуы мүмкін деген тұжырымдарды да ойдан шығаруға болмайды [37; 176-177].

«Тұяқтың ұшында ілініп тұрған» бұғылардың көптеген бейнелері, оның ішінде өзіміз қарастырып отырған Үшбұлақтағы бұғының бейнесі де көптеген зертеушілердің ұстанымына, солардың қатарында біздің де ұғынуымызша ежелгі діни-салттық ғұрыптардың мән-мазмұнын сипаттайды.

Сампыр петроглифтері. Бұл петроглифтердің географиялық координаты: N47°32'375" E080°73'846". Бұл ескерткіш Таскескен ауылынан солтүгіне қарай 12 км қашықтықта орналасқан. Суреттердің дені бір-біріне жабыстырылып тұрған екі жалпақ тастың бетіне салынған. Суреттердің көпшілігі табиғи әсердің салдарынан өшуге арналған. Үңіліп байқау арқылы ондағы негізгі образдардың көпшілігін тауешкілер құрайтындығын көруге болады. Екі тегістіктегі де тауешкілердің бейнелері астынан үстіне қарай бірнеше қатарларды құрап, бастарымен оңға қарай бағытталған. Оң жақтағы тастың жоғарғы жағында екі адамның бейнесі сомдалған. Қатар тұрған екі адамның да аяқтары талтайтылып беріліп, өздері бер би немесе ғұрыптық салтты орындап жатқандай кейіп береді.

Сипатталған екі тегістіктің шығысына қарай, сәл еңісте жатқан қара тастың бетіне төртбұрышты образдар берілген. Олар ұзына бойы созылып орналасып, бәрі бірдей пішінді сомдайды. Фомасы бойынша төртбұрышты, орта тұстарында нүкте беріліп, жоғары жақтарында теледидар антеннасы тәрізді көлбеу екі сызықша тарайды. Жалпы алғанда суреттер теледидардың бейнесі беріп тұрғандай (Сурет 10).

Сонымен жоғарыда сипатталған образдар бойынша кейбір қорытындылар жасасақ. Аталмыш жартас кешендеріндегі суреттердің техникалық орындалу тәсілдері келесідей болып келеді: сұлба түрінде қашау, нақыштама, тегістеу және құрама бейнелеу тәсілі бар. Суреттерді қашап түсіру үшін тас жазық бетінің түзілу тәртібін таңдаудың қашанда идеологиялық, діни, эстетикалық, эмоционалдық бағдардағы ұғым-түсініктер мен мүдделерге және белгілі бір дәрежеде петроглифтерді орындау техникасына байланысты ой-пікірлерге сәйкес келуі тиіс екені белгілі.

Жалпы Үржар петроглифтерінде ең көп тараған образдардың бірі тауешкі. Жоғарыда сипатталған жартас суреттерінде кеңінен таралған және салыстырмалы түрде қарағанда барлық кезеңдердің

бейнелері арасынан саны жағынан басым және кескінделу ерекшеліктері де саналуан. Олардың бейнелену ерекшеліктеріне қарап жергілікті үрдісте дамып отырған сабақтастықты да байқауға болатын сияқты. Сондай-ақ Үржар петроглифтерінің ішкі мән мағанасын индоирандық, индоарилік халықтардың арасындағы мифологиялық текстермен салыстыра отырып зерттелуі сол кездегі осы өңірдің жартас суреттерін зерттеудегі алғашқы қадамдардың бірі болып табылады.

Жартас сурет өнеріндегі тауешкінің бейнесіне арналған арнайы еңбек жоқ, дегенмен А.П. Окладников кезінде былай деген болатын: «Тауешкінің жете, терең қарастыра отырып, одан тұтас бейне мен оның бөлшектерінің түсіндірмесінен әртүрлілікті байқаймыз, мұның өзі ғана оған деген қарым-қатынасты өзгертуге, сонымен қатар ол маңызды бөлігі болып табылатын өнердің мәнін толығырақ түйсінуге, кездейсоқ бақылаушыға соншалықты қарапайым, жұпыны көрінуі мүмкін ежелгі сурет шеберінің «шеберханасы» мен шығармашылық тәсілдерінің мағынасын тереңірек ұғынуға итермелейді» [38; 54].

Үржар петроглифтеріндегі келесі образдардың бірі – бұғы бейнесі. Жалпы жартас суреттерін мерзімдеуді ежелгі, яғни қола дәуірін шартты түрде «арбалар мен жабайы бұқалар кезеңі» десе, скиф-сақ дәуірін «бұғы кезеңі» деп атайды. Айтып тұрғандай біздің тарапымыздан тіркелген бұғы бейнелері ерте темір дәуірімен мерзімделеді. Шартты түрде «бұғы кезеңі» деп аталатын бұл кезеңнің бейнелері арасында аты айтып тұрғандай бұғы образы ерекше орынға ие. Бұл бейнелердің сақ дәуірінің ерте кезеңіне жататын бірнеше үлгілерін заттай және басқа өңірлерге тән баламаларын атап өтеді. Сақ дәуірі мен одан кейінгі кезеңдерде бұғы образының жартас суреттері арасында ерекше орын алып, қола дәуірінде кең тараған «бұқа образын» ығыстыра бастауына Монғолия мен Алтай өңірінен енген жаңа халықтардың ықпалының нәтижесі деп көрсетеді.

1980-ші жылдары З. Самашев Қаратау жотасының оңтүстік беткейіндегі Біресек өзенінің оң саласы Жыңғылшық өзенінің петроглифтері туралы жариялайды. Сондай-ақ шығыстық «бұғытас» үрдісінде орындалған құстұмсықты бұғыларға сипаттама беріп, суреттердің хронологиялық шеңбері мен ол бейнелердің өз «отанынан» алшақ оңтүстік аймақтарда пайда болу себептері туралы өз пікірін – «б.з.д. екінші мыңжылдықтың соңы мен І мыңжылдықтың басында осы бейнелеу үрдісін ұстанушы этникалық топтардың Орталық Азияның далалық аймақтарынан жылжу бағыттарын көрсетеді» – атап өтеді [39].

Ежелгі көшпелілер заманында асылтекті бұғының бейнесі жалпылай алғанда сол қоғамның өзіндік бір – таным белгісі болды. Ол негізінен алғанда түрлі қиял-ғажайып элементтермен астасып жатқан күн, ата-баба, әлем ағашына қатысты мифологиялық культтермен және қағидаттармен байланысып жатты. Жартас сурет өнерінде болсын, тіпті түрлі зергерлік бұйымдардағы бұғы образын ашуда, аталған жануардың әлдебір аспан әлемімен қатысты семантикасы жоққа шығарылмайды. Жоғарыда сипатталып өткен нышандармен бұғыны өрнектеу, оның құрбандыққа арналған болмысын және таңбалануын білдіреді деген тұжырымдар бар. Оның үстіне оның барлық Сібір халықтарында сақталып қалған кейбір этнографиялық мәліметтермен расталады [40; 418-421].

Үржар петроглифтерінде біршама жиі кездесетін образдардың қатарына антропоморф бейнелер жатады. Олардың қатарына салт атты бейнесі, қатар тұрып би немесе белгілі бір салт өткізіп жатқан екі адамның кескіндері жатады. Мәселен, қатар тұрып түрлі діни-салттық зікірлерді орындап жатқан образдар қола дәуірімен сипатталады. Бұл кезең адам мен оның болмысына деген қызығушылықтың өсуі мен ерекшеленеді. Осы сәттен бастап басқа жануарлар бейнелері, таңбалар мен символдар негізгі тақырып болып саналатын адамға (образына) бағынышты құрамдас бөлігі болып табылады (әлемдік мифологияның архаикалық образдарын бақылау, олардың дамуындағы қызық заңдылықты, яғни ежелгі тотемдік, зоо немесе орнитоморфтылықтан антропоморфтылыққа ауыса бастағандығын көреміз.

Ал, темір дәуірінде ондай кейіпкерлерді заманына қарай салт атты қаһарман бабалардың, әскери басшылардың бейнелері ауыстыра бастайды. Салт атты осы уақыттағы мәдени-дүниетаным құндылықтар жүйесінде өза орнын алады. Дегенмен, аталмыш образ осы уақыттағы әскери демократияның басымдығын көрсеткенімен жартастағы бейнелеу өнерінде өзінің басымдығын таныта қоймайды. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша бұл ерте көшпелілер бейнелеу өнерінің жоғары деңгейдегі құпиялылығымен, одан басқа да көптеген белгілерді беретін бейнелердің нышандығымен түсіндіруге болады. Бір сөзбен айтқанда, жартас өнеріндегі салт атты жауынгер немесе аңшы культі басқа бір болмысты, бүркемелі образда болуы мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайтындай.

Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда шығыс өңірлерінде, соның ішінде Тарбағатай жотасының жартас суреттері арасында түйе бейнелері жиі кездесетін бейнелер қатарына кірмейді. Дегенмен, азда болсын кездесетін образдар кескінделу үлгісінің саналуандығымен де ерекшеленеді. Бұлай болуының негізгі себебі аймақтың табиғи-географиялық жағдайына байланысты болса керек.

Еліміздегі ежелгі дәуірлердегі болған климаттық өзгерістер міндетті түрде табиғаттағы фауна, флора өкілдерінің арасында түбегейлі не құрамы жағынан бірқатар өзгеріс әкелетіні мәлім, соның нәтижесінде шаруашылық түрінің де өзгеріске ұшырауы мүмкін. Ал бұл екі фактор өз кезегінде қоршаған ортаға байланысты қоғамдағы кейбір дүниетанымдық, мифологиялық, т.б. өзгерістерге әкеліп соғатыны заңдылық. Бұл өзгерістердің өз кезегінде жартас суреттерінде не басқадай бейнелеу өнеріне ықпалының болатындығын байқауға болады. Бұл өзгерістің болғандығы аймақтың жартас суреттерінен анық байқалады. Қола дәуірінің жартас суреттерінде б.з.д. II м.ж. ортасынан бері қарай ылғалды климатқа бейім бұқа бейнелері азайып, орнына құрғақшылыққа шыдамды түйе бейнелері көбейе түседі. Бұл құбылыс басқа аймақтарда да байқалады, мысалы Оңтүстіктегі Алтын-депенің ерте қола дәуіріне қарағанда дамыған қола дәуірінде (б.з.д. III м.ж екінші жартысы II м.ж басына сәйкес келеді) шаруашылықтағы мал құрамында өзгерістер пайда болады.

Осы бейнелердің ең ежелгілерінің қатарында – өркештері кішілеу болып келген, кескінделуі өте қарапайым және көп жағдайда екі аяқпен ғана салынған бейнелер болуы ықтимал. Дегенмен бұндай қарапайым кескінделу әдісін барлық кезеңдердің бейнелері арасында жолықтыруға болады. Сондықтан бұл жағдайлардағы мерзімдеудің негізгі көрсеткіші тек қана көріністегі хронологиялық шегаралары анықталған басқадай бейнелер болып табылады.

Үржар петроглифтерінің ішінде Ақберді кешенінен табылған күн нышанын сипаттайтын шытырман (лабиринт) образы ерекше қызығушылық тудырады. Осыған ұқсас образды Жетісудағы Құлжабасы петроглифінен және солтүстік еуропалық және британ ескерткіштеріндегі бейнелерден аңғара аламыз. Сонымен бірге, еліміздің батыс өңіріндегі сармат ғибадатханаларының қабырғаларында да мұндай шиыршық түріндегі кескіндерді байқауға болады. Мұндай суреттердің хронологиясы да біршама кең болып келеді, яғни неолит дәуірінен бастап кейінгі ортағасырларға дейін таралады. Тағы бір айта кетерлігі, Ақберді шытырманында қос параллель сызық арқылы жолдың үлгісі жасалғандай. Мұндай жұптасқан ирек сызық бейнесі, мүмкін, шынайы әлем қонысына немесе аспан тұрғындарына қарай бағытталған жол идеясымен астасады. Жалпы алғанда, мұндай шытырмандардың кескіндері көп жағдайда кеңістіктің аса киелендірілген жері – ғибадатханалармен байланысты. Ондай орындарда нақты бір социумның тіршілік қарекетіндегі салт-саналық және ғұрыптық еске-алу тәрізді әрекеттері орындалған. Дегенмен, шытырмандардың мазмұнына байланысты басқа да көптеген тұжырымдар қалыптасатындығын жоққа шығармаймыз.

Осымен қатар, Ақберді кешеніндегі ерекше таңбалардың біріне торкөз түріндегі шаршы кескіні де айрықша қызығушылық тудырады. Жалпы алғанда, торкөзді шаршы – қола дәуірімен мерзімделетін жартас суреттері мен, басқа да археологиялық ескерткіштердегі жиі кездесетін сарындардың бірі. Оларда өзінің мазмұны жағынан күрделі семантикалық нышандар қатарына жатады. Шығыс Қазақстанның өзінде олар келесідей ескерткіштерде кездеседі: Шыңғыстаудағы Сарыкөл ескерткішіндегі қоршаудың тас тақтасының бірінде қашалған, Ертістің жоғарғы жағындағы тас бетіндегі суреттерде және Қанай ауылы маңындағы Айыртау петроглифтерінде, Жасыбай көлі маңындағы суреттерде.

Жалпы алғанда, Қазақстан жеріндегі ежелгі заманда қоғамның дамуына байланысты петроглифтердің сюжеттері күрделене бастаған. Бұл уақытта өнердің дами бастауы шаруашылықтың жаңа түрлерінің – металл өңдеудің, мал шаруашылығының, жер өңдеудің пайда болуына байланысты. Адамның темірмен танысуы ең алдымен қоғамдық еңбектің бөлінуімен көрініп, дамуға әкелді. Бұл тасқа салынған сюжеттерінің тақырыбына әсер етті. Қола дәуірінің петроглифтері діни нанымдарды, аңшылық сахналарды, тұрмыстық, ғұрыптық сюжеттерді бейнеледі. Ал, темір дәуірі заманына қарай аң бейнелі стил мен әскери демократияның басымдығын суреттеді. Мұны біз өзіміз жоғарыда сипаттап өткен Үржар өңіріндегі петроглифтен де байқай аламыз.

Қола дәуірінің жартас суреттері арасында антропоморфты бейнелер негізгі кейіпкер ретінде кескінделеді. Бұл кезең адам мен оның болмысына деген қызығушылықтың өсуімен ерекшеленеді. Осы сәттен бастап басқа жануарлар бейнелері, таңбалар мен символдар негізгі тақырып болып саналатын адамға (образына) бағынышты құрамдас бөлігі болып табылады (әлемдік мифологияның архаикалық образдарын бақылау, олардың дамуындағы қызық заңдылықты, яғни ежелгі тотемдік, зоо немесе орнитоморфтылықтан антропоморфтылыққа ауыса бастағандығын көреміз).

Өзіміз сипаттап отырған өнерде белгілі бір немесе басқа бір образдым басымдыққа ие болуы, ең алдымен Орталық Азия өңіріндегі табиғи-географиялық және экологиялық ерекшеліктерге бейімделген халықтардың өмірлік әрекетімен және тіршілікті қамтамасыз ету жүйесімен тығыз байланыста болған жан-жануарлардың таралуы ареалымен байланысты болды.

Петроглифтердің басым бөлігі қола және ерте темір дәуірлеріне жатады. Табиғи-ландшафтты орналасуға, микроклиматқа және ежелгі суретшілердің қоғамда құрметке ие болған аңдар бейнесі мен

белгілерді таудың қара тастары бетіне қашап салуына байланысты қазіргі күні анықталған суреттердің өзі сол уақыттағы түрлі жосын-жоралғылық кіші гірім өлкелік киелі мекендердің болғандығын көрсетеді.

1. Самашев З.С. Некоторые замечания о проблемах петроглифоведения Казахстана // Арало-Каспийский регион в истории и культуре Евразии.– Актөбе, 2006. – Часть 1. – С.31-36.
2. Дәвлет Е.Г., Дәвлет М.А. Об изображениях оленей с солярными знаками на корпусе // Комплексные исследования древних и традиционных обществ Евразии. Сборник научных трудов. – Барнаул, 2004. – С.418-422.
3. Горбунов А.П., Самашев З., Северский Э.В. Сокровища мерзлых курганов Казахского Алтая (по материалам могильника Берел). – Алматы: Издательство ТОО Иль-Тех-Кітап, 2005. – 84 с.



Сурет 1 – Тауешкі бейнелері. Ақберді петроглифтері



Сурет 2 – Қола дәуіріндегі дөңгелек кескіні. Ақберді петроглифтері



Сурет 3 – Қос дөңгелек түріндегі атқазыққа байланған жылқылар. Ақберді петроглифтері





Сурет 4 – Ақберді петроглифтері. Салт атты бейнесі



Сурет 5 – Тауешкі, түйе және түсініксіз бейненің кескіндері. Ақберді петроглифтері



Сурет 6 – Қола дәуіріне тән шытырман бейне. Ақберді петроглифтері



Сурет 7 – Қола дәуіріндегі торкөзді шаршы. Ақберді петроглифтері



Сурет 8 – Тауешкілер мен адамдардың бейнесі. Жақсыкелді петроглифтері



Сурет 9 – Түрлі жануарлар мен салт аттыдан құралған композиция. Үшбұлақ петроглифтері



Сурет 10 – Төртбұрышты формада теледидар бейнесін беретін кескін. Сампыр петроглифтері

## **АРХЕОЛОГИЯДАҒЫ МӘДЕНИЕТТЕР САБАҚТАСТЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ / ПРОБЛЕМА ПРЕЕМСТВЕННОСТИ КУЛЬТУР В АРХЕОЛОГИИ**

**Варфоломеев В.В., Оразбаев Н.К.**

### **МОГИЛЬНИК КАМАЛ\***

Могильник Камал находится в Бухаржырауском районе Карагандинской области в 18 км к юго-востоку от с. Шешенкара, в 1,2 км к западу-юго-западу от зимовки Актас (Камал), в 2,5 км к юго-западу от трассы Караганда – Каркаралинск. Памятник расположен на правом берегу реки Нура, занимает наклонную к реке площадку и с севера непосредственно примыкает к поселению Камал. На поверхности видны остатки каменных сооружений в виде деформированных каменных оград или отдельных камней. Зафиксировано 16 сооружений. Сооружения 1 и 2 – каменные курганы подпрямоугольных очертаний, размером 8×8 м и 8×7 м, они напоминают разрушенные бегазы-дандыбаевские мавзолеи. Три каменные выкладки – старые казахские могилы. Восемь сооружений – округлые ограды из камней средней величины. В раскопе 1 площадью 28 м<sup>2</sup> были исследованы три погребальных камеры из плит гранита (каменные ящики).

Погребение 1. На поверхности земли до начала работ едва выглядывали продолговатые плиты ящика. Каменный ящик размером 0,63×0,34 м вытянут по линии СВ–ЮЗ. Северо-восточная стенка ящика отсутствовала. Глубина от верхнего края ящика до дна могилы – 0,25 м. В могиле был обнаружен плохо сохранившийся скелет ребенка. Погребённый был уложен на левый бок, скорченно, головой на ЮЗ. В погребении были найдены частично сохранившиеся кости черепа, молочные зубы, длинные кости ног. В изголовье в западном углу стоял сосуд баночной формы от венчика до дна покрытый ёлочным орнаментом, орнамент нанесен в резной технике (рис. 1, - 2).

---

\* Работа выполнена в рамках грантового проекта министерства образования и науки Республики Казахстан АР05131853 «Древнейшие города Казахстана (исследование городских и культурно-хозяйственных центров эпохи бронзы)»